

Р. Мұхитдинов¹, Б. Бердмұрат^{1*},М. Махмет¹, Д. Махиудин²¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан²Малайя университеті, Куала-Лумпур, Малайзия

*e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДІНИ ДИСКУРС: ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Халықтың руханияты мен діни бағыты, ұлттық ерекшеліктері ғасырдан ғасырға әдеби мұра арқылы жетіп отырған. Ақындар өлеңтілімен насихат, тәлім-тәрбие, құқық пен діни құндылықтарды көркем бейнеде ұсынған. Осы орайда қазақ халқының ислам дініне қатысты көзқарасы мен рухани практикасының поэтикалық бейнесі ақын-жыраулардың поэзиясынан көреміз. Соның бірі он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы. Шортанбай ақын ғана емес, сонымен қатар діни қайраткер болған. Бұл мақалада Шортанбай Қанайұлының поэзиялық туындыларының бірі «Атамыз Адам пайғамбар» деп басталатын өлеңіне теолінгвистикалық талдау жасалады. Бұл өлеңде діни танымдар және ғибадаттар, адам баласының рухани болмысы, сонымен қатар өмірдің өткіншілігі ұлттық таныммен ұштастырыла баяндалған. Теолінгвистикалық жағынан алғанда, өлеңде ислам парыздары, Құдайға сенім және дүниенің жалғандығы секілді діни концепттер негізге алынған. Мақалада ақынның қолданған ислами терминін ислам әдебиетінен мысалдар беріледі. Сонымен қатар исламда сакралды қайнар көз саналған Құран мен сүннеттен де мысалдар ұсынылады. Ақынның өлеңіндегі қолданылған метафоралар, бейнелі сөздерді де талдап түсіндіретін боламыз. Ислами терминдердің анықтамасы анық, түсінікті тілде ұсынылады. Бұл мақала арқылы қазақ ұлтының діни наным, ұлттық құндылықтары анық түсіндірілген. Қазіргі салааралық зерттеулер аясында дін мен тілді, дін мен әдебиетті бірге қарастырып, ақындардың жырлары арқылы мұсылмандық қазақ ұлтының негізгі ұстанымы болғанын, ұлттық наным мен діні біте қайнасқанын көрсетеді.

Түйін сөздер: әдебиет, рухани, Құдай, пейіш, тамұқ

R. Mukhitdinov¹, B. Berdmurat^{1*}, M. Makhmet¹, D. Mahyudin²¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan²University Malaya, Kuala-lumpur, Malaysia

*e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru

Religious Discourse in the Poetry of Shortanbai Qanayuly: A Theolinguistic Analysis

Spirituality and religious orientation of the people, national characteristics were passed down from century to century through literary heritage. Poets presented propaganda, education, law and religious values in an artistic form through the language of poetry. In this regard, we can see the poetic image of the attitude of the Kazakh people towards Islam and spiritual practices in the poetry of the poets-zhyrau. One of them was Shortanbai Kanayuly, who lived in the nineteenth century. Shortanbai was not only a poet, but also a religious figure. This article presents a theolinguistic analysis of one of Shortanbai Kanayuly's poetic works, the poem "Atamyz Adam Paigambar", which begins with these words. This poem describes religious beliefs and worship, the spiritual nature of man, as well as the transience of life in combination with national beliefs. From a theolinguistic point of view, the poem is based on religious concepts such as Islamic duty, faith in God and the falsehood of the world. The article gives examples of Islamic terms used by the poet in Islamic literature. In addition, examples from the Quran and Sunnah, which are considered sacred sources in Islam, are presented. We will analyze and explain the metaphors and figurative words used in the poet's poems. The definitions of Islamic terms are presented in a clear and understandable language. This article clearly explains the religious beliefs and national values of the Kazakh nation. In the context of modern interdisciplinary research, religion and language, religion and literature are examined together, and through the poet's poems, it is shown that the main principle of the Kazakh nation was Muslim, and that national beliefs and religion were completely intertwined.

Keywords: Literature, Spiritual, God, Paradise, Hell

Р. Мұхитдинов¹, Б. Бердмурат^{1*}, М. Махмет¹, Д. Махиудин²

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

²Университет Малайя, Куала-Лумпур, Малайзия

*e-mail: bekbolat.berdmurat@mail.ru

Религиозный дискурс в поэзии Шортанбая Канайұлы: теолингвистический анализ

Духовность и религиозная направленность народа, национальные особенности передавались из века в век через литературное наследие. Поэты представляли пропаганду, образование, право и религиозные ценности в художественной форме посредством поэтического языка. В этом контексте мы можем увидеть поэтический образ отношения казахского народа к исламу и духовным практикам в поэзии поэтов-жырау. Одним из них был Шортанбай Канайұлы, живший в XIX веке. Шортанбай был не только поэтом но и религиозным деятелем. В данной статье представлен теолингвистический анализ одного из поэтических произведений Шортанбая Канайұлы, поэмы «Атамыз Адам пайғамбар» которая начинается этими словами. А также бренность жизни в сочетании с национальными верованиями. С теолингвистической точки зрения поэма основана на религиозных понятиях таких как исламский долг, вера в Бога и ложь мира. В статье приводятся примеры из Корана и Сунны, которые считаются священными источниками в исламе. Проанализированы и объяснены метафоры и образные слова, используемые в стихах поэта. Определения исламских терминов представлены ясным и понятным языком. В данной статье также раскрыты особенности религиозных верований и национальные ценности казахской нации. В контексте современных междисциплинарных исследований религия и язык, религия и литература рассматриваются вместе, и на примере стихов поэта показано, что главным принципом казахской нации был ислам, и что национальные верования и религия были полностью переплетены.

Ключевые слова: литература, духовность, Бог, рай, ад

Кіріспе

Әр халықтың рухани дүниетанымын, діни мұрасын, имани құндылықтарын, әлеуметтік идеялары мен этикалық нормаларын ғасырлар бойы сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған дүниесі – оның әдеби мұрасы.

Қазақтың ақын-жыраулары – тек көркем сөз иелері емес, халықтың жадын, тарихи санасын, моральдық-құқықтық өлшемдерін, діни-философиялық ойлауын қалыптастырған қоғамдық институт. Әдеби мұра шежіре, насихат, ғақлия, тәлім-тәрбие, құқық пен дін сабақтарын өлең тілімен ұсынды.

Діnniң когнитивтік бейнесін тіл арқылы зерттейтін болсақ, осы зерттеудің ең маңызды материалы да әдеби шығармалар екендігі анық.

Ислам өркениеті Қазақ даласында кең қанат жайғаннан кейін ақида, шариғат, ахлақ, сопылық секілді діни ілімдер халық санасына, болмысына, мәдениетіне поэтикалық тіл арқылы да сінді. «Жалғыз Құдай», «Әуелі Алла», «ақырет», «сауап пен күнә», «обал мен ұят», «жаннат пен тозақ», «иман шарттары», «ниет», «тәубе», «парыз, уәжіп, сүннет», «адал-харам», «нәпсімен күрес», «әділет» секілді исламның діни-этикалық ұғымдары тұрмыс пен дәстүрде орнығып, әдеби шығармаларда көрініс тапты.

Поэзия қазақтың көшпелі өмір салтында діни мәтінді де ең орнықты тасымалдаушы қыз-

мет атқарды. Сондықтан біздің жыраулар мен ақындар уақиғалық жырларды ғана емес, имани тақырыптарды да қара өлең, толғау, терме және қисса-дастан түрлерімен жеткізіп, халықтың діни дүниетанымын қалыптастыруға ат салысты. Құдайдың жалғыздығы, Аллаға иман, пайғамбарларға иман, ақыретке сенім, жұмақ пен тамұқ секілді негізгі сенім қағидалары; намаз, ораза, зекет, қажылық, адал неке, адал ас секілді амал-ғибадат ұғымдары; ата-анаға қызмет, адалдық, кішіпейілдік, қайырым, ынсап, адал мен арам, обал мен сауап секілді ихсан құндылықтары ақын-жыраулардың шығармаларында орын алды. Бұлар халықтың дүниені «иман – ислам – ихсан» немесе «сенім – ғұрып – мінез» ұштағаны арқылы қабылдауын қалыптастырды.

Ақындар халықтың діни дүниетанымын жеткізуде дидактикалық-насихаттық қызмет те атқарды. Кейде жалпы шығармада діни мәселелер жанамалап айтылса, кейде арнайы дін тақырыбында жыр да жазылды. Діни өлеңдер көбіне тікелей үндеу, ғибрат, насихат формасында беріледі. Діни жыр жазған ақындардың миссиясы – адресат (оқырман/ тыңдаушыны) Құдайға деген иманға, күнделікті ғибадатқа, нәпсіні тәрбиелеуге, әділет пен мейірімділікке шақыру болды. «Ақты Құдай шешіпті», «Тәңірім үйі мешітті», «Құдайдан қорықпағаннан қорық», «Дін мұсылман баласы», «Жалғыз Жаратушы» «Құдайсыз қурай да сынбайды», «Аққа Құдай жақ»,

«Тазалық – иманнан» секілді мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер ақын тілінде ұдайы ұшырасады.

Бұл мақалада ислам дінінің негізгі үш тармағы: иман, ислам және ихсанды қамтыған Шортанбай Қанайұлының (1818-1881) «Атамыз Адам пайғамбар» деп басталатын өлеңіне теолінгвистикалық талдау жасау арқылы қазақ халқындағы діннің тілдік бейнесін анықтауға тырысамыз.

Қазақтың діни-пәлсапалық поэзиясында өзіндік орны бар ақындардың бірі – Шортанбай Қанайұлы. Ақын XIX ғасырда өмір сүріп, халықтың мұң-мұқтажын толғап, әлеуметтік әділетсіздікке, рухани құлдырауға қарсы діни негізде үн қатқан тұлға. Сондықтан оның шығармаларын тек әдеби-көркемдік тұрғыда ғана емес, теолінгвистикалық бағытта да зерттеу маңызды. Осы мақалада ақынның діни поэзиясына теолінгвистикалық талдау жасалып, ислами терминдердің қолданылуы, Құдай, дүние туралы концепт, діни-моральдық дискурс және насихаттық прагматика сараланады. Жоғарыда айтқанымыздай ақын өлеңін «Атамыз Адам пайғамбар» деп бастап, жалпы адамзаттық бірлікке, ынтымаққа үндейді. Бұл ислам дініндегі адамзаттың жаратылысы бір атадан тарайды деген концепцияға тура келеді. Сонымен қатар ақын мінез-құлыққа да көңіл бөліп, адалдық, шынайылық, нәпсіге берілмеу, тіл кесапатынан аулақ болуға шақырады. Кейін Ислам ақидасына сай сүйіншілеу мен үрей туғызу тактикасын қолданып өлімнен кейінгі өмір, жаннат пен тозақ жағдайларын да сипаттаған. Сондай-ақ діни құлшылықтарды атқарудың маңыздылығына да тоқталып, дүниені жалғандықпен сипаттаған. Діни терминдерді тек діни лексика ретінде емес, рухани концепция ретінде қолданғанын көреміз. Бұл өлеңде ислам парыздарының қазақы өмір салтында да орны ерекше екені көрінеді. Талдауда ақынның сөздерінде кездесетін терминдерін ислам қайнар көздері арқылы және ислами әдебиеттерден мысал келтіре отырып ашықтаймыз. Өлеңнің бір ерекшелігі жоғарыда айтқанымыздай, діни концепттердің молынан кездесуі. Әрі Құдай таным стилі де әртүрлі, Құдай, Тәңір, Жаббар деген сияқты есімдер қолданылған. Сонымен қатар Құран және шарифат тілі элементтері жиі кездеседі, атап айтар болсақ зекет, ғайбат, сират, намаз, ораза, шайтан. Бұл шарифат терминдері қазақ дүниетанымында қалыптасып, түсінікті сөздікқор айналамына енгенін көрсетеді. Метафоралар мен бейнелі сөздерді де кездес-

тіруге болады. Мысалы, «ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» тіркесі адамның сыртқы келбеті уақытша екенін білдіреді, «сираттың желі соққанда», деген сөз тіркесі ақыреттегі хал-ахуал қиындығын білдіретін метафора. Сонымен қатар ақынның қоғамдық сыны да кездеседі. Онда ақын сараң байларды қатаң сынға алады. Діни дискурс арқылы моральдық тәрбие мен қоғамдық сын айтуды көркем тілмен жеткізеді. Жастар буыны мен үлкендер арасындағы айырмашылық, сызат сияқты қоғамдық проблеманы өткір тілмен түсіндірген. Әрі билік иелерін де сынап, әділет, абырой сияқты қоғамдық құндылықтардың ауысқаны, сенім кетіп бара жатқанын көрсететін әлеуметтік моральдық сын да айтылады. Жалпы алғанда ақын поэзия арқылы ислами танымды ұштастырып халықты діни, ұлттық құндылықтарды ұмытпауға шақырады. Бұл шығарма қазақ халқының дүние танымының ислам дінімен тығыз байланысының бір көрінісін бейнелейді.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері

Қазіргі таңда қазақ халқының рухани дүние танымын түсіндіруде сантүрлі пікірлер айтылып жүргені анық. Біреулер қазақтың рухани танымы тәңірлік дінімен байланысты деп шамандық, зороастризмдік, шамандық танымдармен ғана байланыстырып түсіндіргісі келеді. Оның себептері әр-алуан, бірі пост советтік саясаттың құрбанына айналып, ата-баба жолын ұмытқан болса, енді бірі Ресей патшалығы тұсында қазақты мұсылмандықтан айыру саясатының жалауын желбіретіп жүргенін білмейді. Бұның тағы бір себебі Ресей империясы кезеңінде қазақты шоқындыру мақсаты аясында жасалған қитұрқы саясаты еді. Ресей патшалығы кезеңінде жүйелі түрде шоқындыру саясаты жүрген, мұсылмандықтан бас тартпайтын қазақ қоғамын өздеріне бағындыру үшін тіпті татар молдаларын пайдаланғаны рас (Ораз, 2018). Қазақ халқының рухани дүние танымы ақын-жырауларының өлеңдері мен жырларында анық көрініс тапқан. Осы орайда халықтың діни дүниетанымын ақындар дидактикалық-насихаттық тәсілдерімен жеткізген. Сонымен қатар діннің тілдік бейнесін анықтау мақсатында Шортанбай Қанайұлының «Атамыз Адам пайғамбар» деп басталатын өлеңіне теолінгвистикалық талдау жасау қазіргі таңда аса маңызды. Осы күнімізге дейін Шортанбай Қанайұлының еңбектерін жан-жақты

зерттелгені мәлім. Алайда діни мазмұны толық зерттелген жоқ. Оның зар заман өлеңіне Мұхтар Әуезов талдау жасай отырып былай дейді: «Зар заман ақындарының ішінде қауым тіршілігін, әлеуметтің қайғысын дін бояуымен бояп айтқан осы Шортанбай» (Қанипаш, 2013, 184 б.). Ақынның діни мазмұнды өлеңдерін Самал Дөрібайұлы «Шортанбай шығармаларындағы шариғат заңдары» деген мақаласында қиямет күніне иман, дүниенің жалғандығын, жаратушының бар екенін білдіретін өлең жолдарын аяттармен ашықтай түскен (Қанипаш, 2013). Алайда мақала авторы діни терминдерге тоқталмаған һәм теолингвистикалық тұрғыда талдау жасамаған. Ал біздің мақаламыздың негізгі мақсаты Шортанбай Қанайұлының өлеңінде кездесетін діни, ұлттық танымдардың тілдік бейнесін ашықтап, интерпретация жасап, Ислам қайнар көздерінен мысалдар беріп, копративтік әдіс арқылы қазақ халқының рухани дүние танымын ашықтау. Ол үшін ақынның әр шумақтарына теолингвистикалық талдау жасау негізгі міндетіміз. Сонымен қатар тіл арқылы қазақ халқының түсінігіндегі діннің когнитивтік бейнесін жеткізу.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада келесідей ғылыми зерттеу әдістері қолданылды: мақалада ақынның діни поэзиясына теолингвистикалық талдау жасалып, ислами терминдердің қолданылуы, Құдай, дүние туралы концепт, діни-моральдық дискурс және насихаттық прагматика сараланады. Ақынның өлеңінде айтылған діни терминдерді талдауда, мәтінін ислам ілімдері тұрғысынан түсіндіруде, поэзия арқылы ислами танымды ұштастыруда діни-филологиялық, яғни теолингвистикалық әдіс; «Ғайбат», «Жаббар», «Қаза», «сахар» сияқты терминдердің шығу төркіні мен мағынасын түсіндіруде лексика-семантикалық талдау әдісі; Өлең жолдары Құран, хадис және классикалық ханафи фикһ еңбектерімен салыстырылып дәлелденген тұстарда салыстырмалы мәтіндік-деректік әдіс қолданылды.

Нәтижелер және талқылама

Шортанбай Қанайұлының поэзиясында ислами терминдер көп кездесетінін кіріспеде атап өттік. Оның өлеңдерінде: жаратушының есімсіпаттарына байланысты – Құдай, Алла, Жаббар терминдері қолданылған. Исламның бес парызына қатысты – ораза, намаз, зекет термин-

дері де кездеседі. Діни сенімге қатысты ғайбат, күнә, тозақ, бейіш, шайтан, сират сияқты терминдерді де көруге болады. Ақын ислам терминологиясын тек жүйелі қолданып қана қоймай, оларды қазақы дүниетаныммен сабақтастырып жеткізген. Ақын Құдайға сенім мен тәубені поэзиясының негізгі өзегі еткен. Өлең жолдарында Құдайға сенген пенденің сөзі, іс-қимылы әділдікке негізделу керектігі насихатталады. Енді ақынның өлеңдерін шумақтарға бөліп жеке талдау жасаймыз.

*Атамыз Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір, халайық,
Сол адамнан таралды
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Ақын бұл өлең шумақтарында Құранда баяндалған адамзаттың жаратылу концептісін келтіреді. Бұл сөздер Құрандағы «Расында, Алланың алдында Исаның туылуының мысалы Адамның жаратылуының мысалындай: Алланы оны топырақтан жаратып, сосын оған «Бол!» деді де, ол болды», – деген аяттың ұғымымен үндеседі (Ибадуллаев, 2023, 43 б.). Одан бөлек тағы бір аятта: «*Уа, адамдар! Өздеріңді бір жаннан жаратып, одан жұбайын жаратқан, сосын ол екеуінен көптеген ерлер мен әйелдер таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар*», – деп (Ибадуллаев, 2023, 57 б.) ақынның айтқысы келген адамзат жаратылысы туралы пайымы осы аяттардан бастау алады. Пайғамбарға иман келтіру барша мұсылманның негізгі сенімдерінің бірі екені мәлім. Қазақтың жыраулары, ақындары пайғамбарларды үлгі тұтуға шақырған, олардың ғұмырын мысалға келтіре отырып, сабырлық, кішіпейілдік, мейірім деген сияқты ұлы қасиеттерді насихаттаған. Оның бір мысалы ретінде Ақан серінің «сабыр түбі сары алтын» деп аталатын өлеңін айтсақ болады. Науан хазірет қудалауға ұшырап, жер аударылғанда Ақан сері оған мұсылмандар үшін агионим саналатын Мұхаммед, Мұса, Ибраһим, Жүніс, Айюб сынды пайғамбарлардың дұшпандары тарапынан көрген зәбірлерін, ислам тарихында, мәдениетінде ерекше антропоним деп есептелетін төрт халифа, Фатима анамыз және имам Әбу Ханифа секілді діни қайреткелердің сынақтарын есіне салып оны жұбатып, жігерлендіріп төмендегі өлең жолдарын арнайды (Мұхитдинов & Құрманғазыұлы, 2025, 133 б.). Сондай-ақ ақын діни-тарихи оқиғаларды мысалға келтіреді. Өлең жолдарындағы

айтылып кеткен «Мұсылман», «кәпір» сөздері ислам терминологиясындағы антонимдік жұп. Мұсылман – ислам шарттарына көнген, иланған тұлға болса, кәпір – исламға қарсылық білдіруші тарапқа қолданылатын терминдік сөздер. Сонымен қатар ақын исламдағы «уахдату әл-умма» (үмбеттің бірауыздылығы) ұғымына негізделіп – адамзаттың тегі бір деген діни дүниетанымын ашық білдірген. Бұл шумақтардың прагматикалық мағынасына келер болсақ ақын адамдардың шығу тегі бір екенін еске салып, ынтымаққа, бірлікке үндейді.

*Ұрлық пенен қорлықтан,
Өтірік, ғайбат, зорлықтан,
Бойыңды тартып тек жүрсең,
Көрмесің деген залалды.
Белгісі деген бейіштің,
Жазғы салқын самалды.
Тәркі деген тамұқтың,
Қысқы суық амалды*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Бұл өлең жолдарының прагматикасы – мінез-құлықтық нұсқау беруінде. Бұл жерде насихаттық прагматика бар. Исламдағы адалдық өмір салты, нәпсінің дегеніне берілмеу қағидаларын уағыздайды. Ғайбат – біреудің артынан ұнамсыз сөз айту деп саналатын исламдағы ауыр күнәнің бірі. «Ғайбат» сөзі араб тіліндегі «غَيْبٌ» жоқ мағынасын білдіретін сөзден туындаған, арабшасында (غَيْبٌ) деп қолданылатын жамандау, ғайбаттау мағынасын білдіреді (Палтөре et al., 2016). Қазақ тілінде де сол мағынада қолданылады. Ақын күнә атаулыдан бойды аулақ ұстау қажеттігін насихаттап, күнә, харам концептіні алға тартып отыр. Ұрлық, қорлық, өтірік, ғайбат, зорлық дегеннің бәрі күнә концептісіне кіреді. «Бейіш» сөзі жұмақ, ұжмақ, жаннат, рахат сөздеріне синоним (Болғанбаев et al., 1999), ал тамұқ – тозақ, ауыр азап, михнат бейнет мағыналарын білдіреді (Болғанбаев et al., 1999). Бұл ұғымдар Құран аяттарында, қазақ фольклорында да жиі кездеседі. Жұмақ жазғы салқын, жайлы етіп бейнеленуі қазақы дүние таныммен үштасады. Жазғы самал – рахаттың, демалыстың символы. Ал, қыс қазақ еліндегі ең суық мезгіл болғаннан, «Қысқы суық амалды», – деп тамұқтың жанға жайсыз, азапты, қиыншылықты қамтитынын меңзеген. Ақын оппозиция ұғымы арқылы «Бейіш – жазғы самал», «тамұқ – қысқы амал» деп діни ұғымдарды оқырманға түсінікті болатындай таныс әрі ұлттық образбен бейнелеген.

Мұнда бейіш пен тамұқ тек абстрактылы ұғым ғана емес, табиғи құбылыстар арқылы суреттелген.

*Малынан зекет бермеген,
Аузына Құдай кірмеген,
Қайыры жоқ сараң-ды.
Алақандай ай менен күн –
Әлемнің ортақ жарығы.
Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Ақын бұл шумақта исламдағы бес парыздың бірі зекетті бермеген адам жайында айтады. Шарифат талабын орындамау діни тұрғыда таяз, адами қасиетін төмен ретінде сипаттаған. «Аузына Құдай кірмеген» деген сөзінде Алланы ұмытқан, Құдай жолынан алыс екенін көрсеткен. Бұл жерде руханияттан алыстағанын, діни түсінігі көмескіленгенін білдіретін фразеологиялық сипат қолданыс тапқан. Ақын ислам түсінігінде Құдайдың 99 көркем есімі деп саналатын есімдерінің бірі «Жаббар» есімін қолданған. «Жаббар» сөзі – жоғары билік иесі, құдыретті, әмірші деген мағыналарды білдіреді. Бұл сөз «الْجَبْرُ» тәкәппарлық, батылдық, мағыналарын білдіретін сөзден туындаған Алла Тағаланың сипаттарының бірі (Луис әл-Мағлуф әл-Иәсуғи, 2008). Мұнда «Жаббардың екі болмайды, әмір қылған жарлығы» – дегені Құдайдың әмірлігі, абсолютті сипаты бейнеленген. Яғни Құдай не нәрсеге бол десе, ол нәрсе пайда бола қалады деген ислами нанымды нақтылайды.

*Құбылаға бас қоймақ,
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қаза қылмасаң,
Көңіліңде Құдай барлығы.
Жаяулық пенен жалғыздық,
Жалғанның жаман тарлығы*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Бұл шумақта діни терминдер тек діни лексика ғана емес, рухани бағыт-бағдарды білдіретін концепт ретінде қолданылған. Әрі қазақы дүние таным мен ислами құндылықтар бір-бірімен табиғи түрде үштасады. Ақын «Құбылаға бас қоймақ» деп мұсылманның намаз кезіндегі сөжде жасағанда басы құбылаға бағытталатынын және дүниеден өткенде басын құбылаға бетін бұрып қоюын меңзейді. Намазда жүзін құбылаға қарату Құранда анық баяндалған. Бұл тір-

кес мұсылман адамның өмір бойы Құдайға бет бұруын, рухани бағытын көрсетеді. «Тарығы» деген сөз поэтикалық ескі сөз, оның мағынасы тірек, үміт деген ұғымдарды білдіреді. Бұл тіркесте ақын құбыла мұсылманның өмірлік бағдаршамы екенін меңзейді. Сонымен қатар исламдағы бес парыздың екеуі намаз бен оразаны қаза қылмауға шақырады. «Қаза» сөзі араб тіліндегі «الْفُتْأَاء» сөзінен енген кірме сөз. Қаза дегеніміз – парызды уақытында орындамаған жағдайда, кейін атқаруды білдіреді (Мухаммад Убайдулла әл-Асғари, 2021). Қаза қылмау деген тіркес құлшылықтарды өз уақытында атқару қажет екенін меңзейді. Ақын шариғат міндеттерін уақытында атқарудың негізгі факторын «көңілінде Құдай барлығы» деген сөзімен дәйектейді. Осы тіркесте ақын ғибадаттардың үздіксіз орындалуын адам мен Құдай арасындағы байланыстың белгісі ретінде көрсетеді. Келесі жолдары да «жаяулық пенен жалғыздық, жалғанның жаман тарлығы» деп дүниенің жалған пәнилік ұғымы, өмірдің қиындығы, дәрменсіздігі сипатталған. «Жалған» дегені пәни дүние болса, «тарлық» өмірдің қиындығы, тіршіліктің күйбеңі мақсат етіледі. Сонымен қатар бұл шумақта ислам ақидасына сай иман мен амалдың үйлесімі көрініс тапқан. Әрі парыздарды орындау ислам шариғатында қандай маңызды болса, қазақы өмір салтында да орны ерекше екенін аңғартады. Бұл ислам дінінің ұлттық болмыспен қабысқанын білдіреді. Жалған дүние ұғымы исламдағы фәни мен бақи түсінігі қазақ поэзиясынан да орын алғанының бір үлгісі.

*Сабыр қылсаң жетерсің,
Құдайдың болса берері.
...Құдай деген мұминнің,
Ауыздан кетпес тәубесі.
Иманы бардың белгісі
Тілінен тамар шырасы...
«Сен» демек қиын емес пе
Бұрынғы туған үлкенге?
Атыңды берсең азбассың,
Епті туған ілкімге
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Бұл өлең жолдары діни сенім мен адамгершілік қағидаларын қамтитын ұлттық таным аясында маңызы жоғары мәтін. Ақын ислам дінінде маңызы жоғары қасиеттердің бірі сабырға шақырып, тағдыр сенімін айғақтаған. Бұл Құранда да: «Және Алладан сабырмен және намаз арқылы медет тілеңдер. Шындығында, ол намаз

бойсұнушылардан басқалар үшін бір ауырлық» (Ибадуллаев, 2023, 57 б.) деген аятта көрініс тапқан. Мұнда төзімділік арқылы нәтижеге жетудің концепциясы көркем тілмен берілген. Сонымен қатар Құдай, мүмін, тәубе деген діни ұғымдар арқылы исламдағы мұмин адамның сипаты, өмірлік ұстанымы бейнеленген. «Ауыздан кетпес тәубесі» деген тіркесте тәубе тек іспен емес, Құдайдан кешірім тілеп тілмен де жасалатынын, әрі үнемі тәубе ету мұминнің негізгі қасиеті екенін білдіреді. Бұл ұғым Құрандағы «*Ақиқатында, Алла тәубешілдерді жақсы көреді және тазаланушыларды жақсы көреді*», – деген аятпен үндеседі (Ибадуллаев, 2023, 29 б.). Тәубе сөзі араб тіліндегі «تُوبَةً» қайту, өкіну, оралу ұғымын білдіретін қазақ тіліне енген кірме сөз. Ислам ұғымында тәубе – күнә үшін өкініп, Алладан кешірім тілеуді білдіреді (Әбу Хамид әл-Ғазали, 2005). «Тілінен тамар шырасы...» бұл жерде жақсы сөз, әдепті сөз иманның көрінісін айтып отыр. Яғни сөз жүректегі иманның айнасы деген идея жатыр. «Сен демек емес пе, бұрынғы туған үлкенге?» деп үлкенге құрмет, кішіге ізет деген қағиданы қамтиды. Бұл исламда да, қазақ дәстүрінде де маңызды қасиет. Келесі жолдарда аманат, қамқорлық, ұстаздық сабақтастық ұғымдары жанама түрде байқалады. Ақын ілкім, шыр, мұмин, тәубе, ат беру деген сөздерін үйлесімді қолдану арқылы қазақ дүниетанымындағы исламдық руханияттың тілдік репрезентациясын келтірген.

*Мал-дүниенің жарығы,
Жаратып шырай көркіңе,
Қызықпаңыз бес күнге,
Бұл дүние қалмас әркімге
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Ақын бұл сөздерінде дүниенің жалғандығы, пәни дүние ұғымы жатыр. Яғни дүниеге берілмеу, ақыретті естен шығармауға үндейді. Құранда дүниенің тартымдылығы, алдамшылығы, уақытша сынақ екені ашық айтылған. Мысалы, Анкабут сүресінде «*Ақиқатында, дүние тіршілігінің бар болғаны ойын, ермек, әшекей және өз араларыңда мақтану һәм мал-мүлік пен балаларды көбейтуге ұмтылу ғана екендігін біліңдер! Кәпірлерді өсімдігі таңғалдырған жауын сияқты. Сосын ол құрайды да, оның сарғайғанын көресің. Содан соң қиқымға айналады. Ал ақыретте Алла тарапынан кәпірлерге қатты азап және мұминдерге кешірім мен разылық бар. Дүние тіршілігі тек алданышты қызық-*

тау ғана», – делінеді (Ибадуллаев, 2023, 423 б.). Сондай-ақ, ақынның «жаратып шырай көркіңе» деген сөзі адам жаратылысының көркем бейнеде болғанын сипаттауы, «Шын мәнінде, адамды ең көркем кейінде жараттық» – деген аяттың мағынасымен үйлеседі (Ибадуллаев, 2023, 490 б.). Жаратып – деген сөзімен жаратушының барын меңзеп тұрғандай. Ислам теологиясында жарату сипаты – Алланың фиғли сипаттары деп есептеледі (Әбу Мансур әл-Мәтуриди, 2010). Бес күн деген сөзінде бұл дүниенің қысқалығын білдіретін поэтикалық метафора жатыр. Жалпы алғанда бұл өлең шумағы мал-мүлікке, байлыққа сынақ ретінде қарау, ақыретті ұмытпау идеясын анық айтып тұрған исламдық дүниетанымға негізделген поэзия үлгісі.

*Ағаш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек,
Ақыретте жалған жоқ,
Таразысы басқа бір бөлек.
...Аманатын алғанша
Жалғанда бар ма қиғаның?
Аз тартайын десең кінә
Сахарменен тұрғаның...
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Бұл шумақта өмір уақытша, ал ақырет мәңгі мекен екенін және адам баласы аманат арқалап жүргені, кейін ақыретте есеп-қисап әділ түрде болатынын бейнелі түрде жеткізеді. Ақын «адам көркі – шүберек» деу арқылы сыртқы атрибуттың емес, ішкі рухани болмысқа үңіл деп астарлап айтуда. Хадисте бұған ұқсас мазмұнда «Шынында, Алла Тағала сендердің дене-бітімдеріңе де, тұр-тұрпаттарыңа да қарамайды, алайда жүректерің мен істеріңе қарайды», – деген мәтін бар (Әкімханов, 2025, 7 б.). «Ақыретте жалған жоқ, таразысы бір бөлек», – деген сөзде ақыреттің ақиқаттылығы, таразы ұғымы қамтылған. Құранда «Әрі Біз Қиямет күні үшін әділ таразылар қоямыз да, ешбір жанға еш қиянат жасалмайды. Тіпті қыша дәнінің мысқалы сияқты іс-амал болса да, әкелеміз. Һәм Біз есепшілікке жеткіліктіміз», – делінген (Ибадуллаев, 2023, 238 б.). Сонымен қатар аманат ұғымын тағы ескертіп «...аманатын алғанша, жалғанда бар ма қиғаның?» – деп адам баласының мойнындағы аманат жауапкершілігін еске салады. Бұл жайында Құранда «Шындығында, Біз аманатты (Алланың әмір-тыйымдарын) көкке, жерге және тауларға ұсынғанда, олар оны

көтеруден бас тартты, одан қорықты. Ал оны адам көтерді. Расында, ол (адамзат) зұлым, на-дан еді», – делінген (Ибадуллаев, 2023, 318 б.). Келесі өлең жолдарында «сахар» сөзін қолданған. «Сахар» сөзі араб тілінен енген кірме сөз. Арабша «السَّخَرُ» сөзі түннің соңғы бөлігі, таң сәріден бұрынғы уақыт дегенді білдіреді (Луис әл-Мағлуф әл-Иәсуғи, 2008). Қазақ тілі сөздігінде «сахар – таң алды мезгілі, ала көбең кез деп түсіндірілген (Болғанбаев et al., 1999). Исламда бұл уақыт сәресі уақыты, тәубе ету, истиғфар жасау уақыты Һәм түннің ең қасиетті кезі деп есептеледі. Құранда тақуа жандардың осы сахар уақытында истиғфар жасайтыны баяндалған. Ол жайында Зарият сүресінде «Олар (мұхсиндер) түннен аз ғана ұйықтайтын, ал сәресінде олар кешірім тілейтін», – делінген (Ибадуллаев, 2023, 403 б.).

*Өлшеулі күнің жеткен соң,
Бұйрық дәмің біткен соң,
Төстіктей қазған бір жерге
Қырыңнан кіріп сыйғаның
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Бұл шумақ исламдық фатализмге, ақыретке сенуге және өмірдің өткіншілігін мойындауға негізделген көркем толғау. Өлеңдегі «өлшеулі күн» сөзі аяттағы «Және де ешбір жан Алланың рұқсатынсыз өле алмайды. Мерзімі ме-жселенген жазмыш», – деген аятпен үндесіп адам өмірінің шектеулі екенін дәл бейнелейді (Ибадуллаев, 2023, 50 б.). «Бұйрық дәмің біткен соң» деген сөйлемдегі «дәм біту» қазақи поэтикалық тілде ажалдың келуі, өмірдің бітуін білдіреді. Кейде «дәм тұзы таусылды» деп те қолданылады. Адамның өмірі Алланың бұйрығымен басталып, Алланың бұйрығымен аяқталатынын ескерткен. Бұл жайында хадисте де «...Содан кейін оған періште жіберіліп, жан үрлейді де, төрт нәрсе бұйырылады: рызығын, ажалын, амалын және бақытты не бақытсыз екенін жазу», – деп анық баяндалған (Бердімұрат, 2021, 15 б.). «Төстіктей қазған бір жерге, қырыңнан кіріп сыйғаның» деп ақын адам баласы бұл өмірде қанша даңдайсынып, кеудесін көтеріп жүрсе де, тар қабірге барып жататынын ескертеді. Ақын бұл шумақта қабірге қатысты діни-этикалық ойды метафорамен көркем жеткізген. Адам баласына ислами рухани тәрбие, тәубе, кішіпейілдік, мойынсұну секілді құндылықтарды насихаттайды.

*Медресе, мешіт салдырып,
Мұфтиге берсең балаңды,
Азан тәкбір айттырып,
Мешітке қойсаң молдаңды,
Сираттың желі соққанда,
Ораза – намаз панаңды.
Тірлікте есіңе ал
Өлгенде жанға пайданы*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Ақын бұл жерде дүниедегі амал – ақыреттегі қорған деген исламдық қағиданы көтеріп, діни білім алуға, мешітке қызмет жасауға, құлшылықты орындауға, тіршілікте рухани жолмен жүріп, ақыретті естен шығармауға шақырады. Ақынның үндеген жақсылығының бірі медресе, мешіт салу. Қазақ даласында медресе – алғашқы білім беретін рухани-тәлім мекені болған. Қазақ зиялыларының барлығы осы медреселерден білім алғаны белгілі. Медресе олардың дүние-танымын қалыптастырып, сауатын ашқан алғашқы білім ордасы қызметін атқарған. Ақын бұл жерде қоғамдық істі үгіттеп, исламдағы «жария садақа» ұғымына шақыруда. Исламда мешіт салудың сауабы жайында *«Кімде-кім Алланың разылығы үшін мешіт салса, Алла оған жұмақта сондай үй салады»*, – деген хадис бар (Әбу Абдилла Мухаммад ибн Йәзид ибн Ибн Мәжә, 1990). Сонымен қатар ақын рухани инвестицияға үндей отырып, баланды мұфтиге бер деп, діни-рухани инвестиция салу керектігін айтып жатыр. Келесі өлең жолдарында азан, тәкбір терминдері қолданылған. Азан – намаз уақытының кіргенін білдіретін зікір түрі. Ислам шариятында және қазақ дәстүрінде де сәбидің құлағына азан шақырып, ат қою дәстүрі де бар (Ибадуллаев & Оңғаров, 2017). Ал «тәкбір» сөзі Алланы ұлықтау дегенді білдіреді. «Мешітке қойсаң молдаңды», – деп ақын діни ортаны сақтауға және қоғам ішінде рухани ортаны қалыптастыруға шақырған. Сират көпірі – ислам ақидасында Қиямет күні жаннат пен тозақ арасында болатын өте жіңішке, әрі өткір көпір. Имам Тахауидің мәтініне түсіндірме жазған Әбу Исхақ Сиражуддин әл-Ғазнауи былай деген: «Сират: Тозақтың үстінен тартылған көпір, ол қылыштан өткір, қылдан жіңішке» (Әбу Хафс әл-Ғазнауи, 2009, 140 б.). Сол кезде ораза, намаз құлшылықтары жәрдем болатынын айтуда. Исламда құлшылықтар шапағат ететіні жайында нақты айтылған. Мысалы, хадисте *«Қиямет күні ораза мен Құран пендеге шапағат етеді...»*, – делінген (Ахмад ибн Ханбал, 1972, 174 б.). Ақын осы шумақтың соңында тіршілікте

ақыретің үшін пайдалы болатын істерді ұмытпа, ақыретте сауабы қайтатын амалдарды осы өмірде жасап қал деп қорытындылаған. Жалпы алғанда бұл шумақ теоцентрлік ұғымға негізделген. Исламның ақида, құлшылық және ақырет сенімдерін насихаттайтын мағыналы туынды.

*Жалғанда титтей пайда жоқ,
Адамның аз күн албауы.
Жорға мініп теңселтіп,
Торғын тоның белсентіп,
Мамық төсек салдыртып,
Ыңырантып тұрғызып,
Дүрия көрпе жамылтып,
Дүниенің қалай алдауы?*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Ақын бұл жерде өмірдің алдамшылығын, сән-салтанаттың өткіншілігін және адам баласының нәпсіге беріліп алданып қалатынын сынайды. «Жалғандай титтей пайда жоқ, адамның аз күн албауы» деп ақын адамның рухани құлдырауын көрсетіп, оның себебін дүниеге алданумен байланыстырады. Мұндағы «жалған» деп пәни дүние меңзелген. Қазақ поэзиясында дүниені жалған деп өмірдің өткіншілігін, сенімсіздігін білдереді. «Титтей де пайда жоқ», – деп ақырет тұрғысынан бұл дүниенің маңызы жоқ, құнсыз деген ұғымды айтуда. «Албауы» – алдауы, алдану дегенді білдіретін көне қазақ сөзі. «Жорға мініп теңселтіп, торғын тоңын белсентіп» деп ақын адам баласының дүнелік байлыққа, сән-салтанатқа қалай алданатынын бейнелеген. Ақын бұл жерде дүниедегі алдамшы көзбояушылықты сипаттап, сәнге тәуелді өмірді сынауда, Құрандағы *«Ақиқатында, дүние тіршілігінің бар болғаны ойын, ермек, әшекей және өз араларыңда мақтану һәм мал-мүлік пен балаларды көбейтуге ұмтылу ғана екендігін біліңдер! Кәпірлерді өсімдігі таңғалдырған жсауын сияқты. Сосын ол құрайды да, оның сарғайғанын көресің. Содан соң қиқымға айналады. Ал ақыретте Алла тарапынан кәпірлерге қатты азап және мүміндерге кешірім мен разылық бар. Дүние тіршілігі тек алданышты қызықтау ғана»*, – деген аяттың мағынасымен үштасады (Ибадуллаев, 2023, 423 б.). Ақын келесі жолдарда ыңғай мен рахатты сынай отырып, «дүрия көрпе» деп жұмсақтық пен сән-салтанаттың символдарын атаса, «ыңырантып тұрғызып» деу арқылы жалқаулықтың, еркеліктің символын келтірген. Соңында «дүниенің қалай алдау?» деп автор оқырманға өзін-өзі сұраққа тартуын талап етіп, риторика-

лық сұрақ қояды. Яғни осынша жалған көріністің бәрі сені алдап, өзіне баурап алған болса, сені алдағаны емес пе? – деп рухани оянуға, нәпсіні тәрбиелеуге һәм тәубеге шақырады.

*Мал бақтырар пайдаға,
Зекетсіз мал айдама,
Қайыры жоқ ас сақтап,
Дәмді харам шайнама
...Файбаттың жаман екенін,
Біле тұра айтасыз.
Күн шыққан соң тұрмасаң,
Намаз қаза боларын
Біле тұра жатасыз.
Алланың берген ақ дәмін,
Шайтанға қайтіп сатасыз?!
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Ақын зекеттің маңызыдылығын ескертіп, зекет беру парызығын жеткізгісі келеді. Исламда зекет бес парыздың бірі екені белгілі. Ақынның бұл сөзінде малды адал жолмен тапсаң да зекет бермесең харам болатынын ескертуі жатыр. Кейін адал ас ішуге үндеп «дәмді харам шайнама» деп астың адалдығына назар аудару керектігін ескерткен. Бұл ислам талаптарындағы халал асқа мән беру ұғымына толық сай келеді. Хадисте «Кімнің еті хараммен өссе, оған тозақ лайық болады», – деп ескертілген (Муслим ибн Әл-Хажжаж, 2011). Шарифаттағы харам дегеніміз – бір істің тәрк етілуі кесімді бұлтартпас дәлелмен бекітілген тыйым (Мухаммад әл-Асғаді, 2021). Қазақ тілінде көбіне «харам» сөзі арам деп қолданылады. Мысалы, «есектің еті арам, күші адал» деген мақалда арам сөзі шарифаттағы харам мағынасын білдіреді. Файбат – адамның сыртынан ол жайында жағымсыз сөз айту екенін әрі оның шарифат бойынша үлкен күнә екенін жоғарыда баяндадық. Ақын ғайбат айтудан бас тартуға үндеп, оның күнә екенін еске салуда. Яғни ғайбат айтудың күнә екенін біле тұра неге ғайбат айтасың деп рухани жауапкершілікке шақырады. Бұл сөздері Құрандағы: «Әрі бір-біріңді аңдымаңдар және бір-біріңді ғайбаттамаңдар. Әлде сендердің біреулерің өзінің өлген бауырының етін жеуді ұната ма? Әрине, ұнатпайсыңдар», – деген аяттың мағынасымен үндеседі (Ибадуллаев, 2023, 399 б.). Кейін ақын біле тұра намазды қаза қылуды сынға алады. Бұл жердегі сөздің мәні біле тұрып, білгеніңмен амал жасамасаң білімің өзіне қарсы дәлел болады деген ислами ұғымды білдіреді. «Алланың берген ақ дәмін, шайтанға қайтып сатасыз?!» ақын бұл

жерде өткір ескерту жасап, шайтанға ермеуге шақырады. Ақ дәм – адал ризық болса, «шайтанға сату» шайтанның арбауына еру, сол адалды күнәға айырбастау дегенді білдіреді.

*...Күнә қайдан шығады,
Жарылып жан болып тумаса.
Әділ деп соны айтыңыз,
Турасын қисық бұрмаса.
Бұйрықсыздың бәрі харам
Шарифатқа сыймаса
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Ақын күнәнің шығу тегін ашықтап, адамның нәпсісі күнәнің туатын мекені деп сипаттауда. Яғни күнә сырттан келмейді, ол адамның өз нәпсісінен, ерік-жігерінен туындайды деген идея жатыр. Бұл сөзі хадистегі «Адамның денесінде бір кесек ет бар, ол тұзу болса бүкіл дене тұзу болады. ал, егер ол ет бұзылса, бүкіл дене бұзылады. Ол әрине жүрек қой» – деген мағынаға сай келеді (Бердімұрат, 2021, 17 б.). Кейін әділдікті насихаттап «әділ деп соны айтыңыз, турасын қисық бұрмаса» деп әділет жолынан таймау, ақиқатты өз мүддесіне сай бұрмаламау туралы ескерту жасаған. Әділдік жолы ислам шарифатының негізгі принциптерінің бірі. Құранда «Уа, иман келтіргендер! Алла үшін әділдікпен куәлік етіп, табанды болыңдар. Һәм бір қауымға деген өшпенділіктерің әділдік етпеулеріңе итермесін», – деп ескертеді (Ибадуллаев, 2023, 77 б.). Ақын келесі өлең жолдарында «бұйрықсыздың бәрі харам, шарифатқа сыймаса», – деп Құран мен сүннет Исламдағы заңдық әрі моральдық өлшем екенін меңзейді. Бұйрықсыз – Алланың әмірінсіз, шарифат қағидатынсыз дегенді білдірсе, «шарифатқа сыймаса» дегені шарифат талабына сай келмейтін істің бәрі харам деген үкім беріп тұр.

*...Шын екен деп иланбаңыз
Жалғанышының сөзіне.
Сырттан ғайбат қылғаныша
Айт көзі мен өзіне.
Құдайдан қорыққан мұсылман
Қарауыл қояр сөзіне.
Айтқан жөнге жүрмеген,
Менменсінген зор кеуде
Қиық жүріп кете алмас,
Аспанменен өте алмас,
Алдындағы жолығар
Құдайдың құрған тезіне
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).*

Ақын әрбір ақпаратқа сене бермеу керектігін, сыни ойлай алу керектігін ескертіп «...шын екен деп иланбаңыз жалғаншының сөзіне», – деу арқылы әрбір хабаршыға сене бермеу керектігін ескерткен. Бұл жайында Құранда да «*Уа, иман келтіргендер! Егер сендерге бір насық хабар әкелсе, бейкүнә адамдарға білместікпен тиіспеулерің үшін алдымен сол хабарды анықтаңдар. Әйтпесе істегендеріңе өкінерсіңдер*», – деп ескертеді (Ибадуллаев, 2023, 398 б.). Кейін шыншылдық пен ақиқатты қатаң ұстануға шақырып, адамның артынан емес, бетіне айт дейді. Бұл ислам этикасын ұстануға үндеу. «Құдайдан қорыққан мұсылман, қарауыл қояр сөзіне» деген сөзінде мұсылманның тақуалық сипаты берілген. Шынайы мұсылман Құдайының азабынан қорықса, әр сөзін сүзгіден өткізіп, ой елегін сүзіп сөйлеуі керектігін білдіреді. Хадисте «*Кім Аллаға және ақырет күніне иман келтірген болса, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін*», – деп ескертілген (Әбу Закария ән-Науауи, 2014). Кейін ақын тәкаппар адамның әдеті болған ақылға келмеу, біреудің сөзін елемей деген сипатын білдіріп «айтқан жөнге жүрмеген, менменсіген зор кеуде» деп баяндайды. Бұл сөздері арқылы ақын тәкаппарлықтың рухани соқырлыққа апаратынын меңзеп, тәкаппар адамның рухани тұрғыда биік шыңға жете алмайтынын: «қиық жүріп кете алмас, аспанменен өте алмас», – деп әдемі бейнелеп түсіндірген. Әрі бұндай күнәһар адам Құдайдың жазасына лайық болатынын ескертіп, «алдындағы жолығар, Құдайдың құрған тезіне», – деп ешкім Құдайдың тезінен құтыла алмайды, әркім істеген ісі үшін жауапқа тартылатынын еске салады. «Тез» сөзі қазақ тілінде қисық ағашты түзету үшін не түзу ағашты ию үшін қолданылатын құралдың атауы. Ауыспалы мағынада тез – талқы, сын, ауыртпалық дегенді білдіреді (Болғанбаев et al., 1999).

*...Өткен соң қайтып келмейді,
Өлгенге мал ермейді,
Бү дүниенің шолағы.
Жиырма тоғыз әріптің
Жайын білмек керек дүр.*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Ақын бұл шумақта өмірдің өткіншілігін, өлімнің қайтарымсыздығын, мал мен дүние осы дүниеде қалатынын ескертіп, ақыретті естен шығармай білімге, танымға шақырады. Өмір қайтып келмейтіні, сынақ екенін меңзеп «...Өткен соң қайтып келмейді, өлгенге мал ер-

мейді», – дейді. Бұл адам баласының барлығы өлімнің дәмін тататынын ескерту. Ол жайында Құранда да «*Әрбір жан өлімнің дәмін татады*» – деп ескертеді (Ибадуллаев, 2023, 55 б.). Әрі қабірде адамға амалы пайда беретінін, байлықтың дүниеден өткен адамның артынан ермейтінін де ескертеді. Бұл ескерту хадисте де «*Адам баласы өлгенде үш нәрсе артынан еріп барады: мал-мүлкі, отбасы, амалы. Екеуі қайтып кетеді, ал амалы қалады*» – деп келген (Мұслим ибн Әл-Хажжаж, 2011). Кейін ақын дүниенің шолақ, қысқалығын ескертеді. Яғни мына қысқа ғұмырда жалған дүниеге алданбай, ақыретке пайдалы амал жасау керектігін ескертеді. Одан соң ақын ерекше, символикалық мағынаға ие «жиырма тоғыз әріптің, жайын білмек керек дүр», – деген жолды ұсынады. Жиырма тоғыз әріп араб әліпбиінің әріптер жинағының саны. Араб әліпбиіндегі жиырма тоғыз әріп жайында Ахмад ат-Тиби деген ғалым өзінің «әл-Муфид фи илми әт-тажвид» деген кітабында «*Һижә әріптерінің саны еш талассыз жиырма тоғыз...*», – деп ашық баяндаған (Айман Рушди, 2019). Ақын бұл жерде білім жолын әуелі хат танумен, оқумен болатынын меңзейді. Яғни ақын бұл жерде білімге шақырып, ақиқатқа оқу-білім арқылы жетуге болатынын ескертіп отыр.

*...Ақыл сұрасаң азбассың,
Көпті көрген көнеден.
Қасиет кетті төреден,
Ғаділдік кетті билерден,
Абырой кетті әкімнен.
Қайын енесі ас ішпес,
Қабағын түйген келіннен.
Жалғыз Құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден*
(Бердібаев et al., 2023, 200 б.).

Ақын ақыл сұрау, өмірде тәжірибелі тұлғадан өнеге үйренудің маңыздылығын білдіріп, «...ақыл сұрасаң азбассың, көпті көрген көнеден», – деп насихат жасауда. Қазақ ұғымында «көп сүргеннен емес, көпті көргеннен сұра» деген нақыл сөз бар. Ақынның осы құндылыққа шақыруы, исламдағы «кімде кім ақылдасса ұтылмайды», деген нақыл сөз бар (Өт-табарани, 1985) деген ұғыммен үндеседі. «Қасиет кетті төреден, ғаділдік кетті билерден, абырой кетті әкімнен» мұнда қоғамдағы билік иелеріне сын айтылып отыр. Төре – бұрынғы заманда қазақ қоғамында үстемдік еткен ақсүйек (Болғанбаев et al., 1999), олар мемлекет басшылары болған.

Ал, Би – дау-жанжалға бітім айтып, төрелік жасаушы, ел ішіндегі әділ қазы, ру басы еді (Болғанбаев et al., 1999). Яғни қазіргі кездегі сот қызметін жүргізген тұлғалар сияқты халық ішіндегі дау-дамайға қазылық жасаған. Қазақ тілінің сөздігінде әкім – билеп төстеуші, басқарушы деп берілген (Болғанбаев et al., 1999). Қазіргі таңда әкім – жергілікті басқарушы екені мәлім. Ақын жоғарыда айтылған тұлғаларға тән қасиеттер жоғалып бара жатқанын, құндылықтардың ауысқанын, сенім кетіп бара жатқанын ескертеді. Бұл жерде әділдік, адалдық биліктен кеткенін айту арқылы әлеуметтік-моральдық сын бар. Әрі отбасы ішіндегі сыйластықтың жойылып бара жатқанын «қайын енесі ас ішпес, қабағын түйген келіннен» деген сөздермен өрнектеп келтірген. Енесінің ас ішпеуі өзара реніш пен салқындықтың символы болса, қабағын түйген келін тәрбиесіздіктің, тәкаппарлықтың символы. Өлең соңында ақын Алладан үміт үзілмейтінін білдіріп: «Жалғыз Құдай болмаса, енді үміт жоқ өзгеден», – деп аяқтайды. Яғни қандай қиын жағдай болса да, жақын адамнан, биліктен, салттан үміт кетсе де, Алладан үміт үзілмейтінін ескертеді. Ақынның бұл сөздері Құрандағы «*Алланың рақымынан күдер үзбеңдер!*» – деген аяттың мағынасымен қабысады (Ибадуллаев, 2023, 354 б.). Өлеңнің соңында ақын Аллаға сенім артып, тәуекел етудің керек екенін айтып исламдағы теоцентрлік ұғыммен қорытындылады.

Қорытынды

Әдеби шығармалардың діни мазмұнына талдау жасау қазақ халқының діни дүниетанымын терең түсінуге, діни терминдердің қолданылуы аясының кеңдігін ұғынуға жол ашады. Ақын-жараулар діни насихатты өлең-шумақтары арқылы насихаттап, халықтың діни сауатын жетілдіріп отырғанын байқауға болады. Әрі қазақы дүниетаныммен шарифат ұғымдары тығыз байланысып ұлттық-діни бояуы көрінеді. Осы арқыры қазақ ұлтының рухани түсінігінің аясы дінімен тығыз байланысты болғанын көреміз. Сонымен

қатар ұлттық коды анық көрінеді. Осы орайда ақын-жараулардың поэзиясындағы діни насихаттарына теолінгвистикалық талдау жасау қазіргі таңда өте маңызды.

Осы орайда Шортанбай Қанайұлы өзінің шығармалары арқылы тек әдеби поэзияның шеберлігін ғана емес, ислам дініне қатысты танымның, моральдық нормалардың тіл арқылы берілген діни дискурстың жарқын үлгісін көрсеткен. Ақын бұл өлеңінде ислам терминологиясын ұтымды қолданып, діни-ахлақтық ережелерді көркем тілмен жеткізеді. Жаратушыға деген сенім, парыз, тәубе, күнә сияқты концепттерді ұлттық санаға бейімдеген. Сонымен қатар этикалық нормалар мен қоғамдық сын айтуды діни дискурспен ұсынған. Ақынның бұл туындысы қазақ елінің діни, ұлттық дүние танымын, мұсылмандық сенімін айқын білдіреді. Ислам діні қазақ жеріне сегізінші ғасырда келіп, халықтың негізгі діни ұстанымына айналғанын, ақын-жараулардың өлеңдерінен де білуге болады. Шортанбай Қанайұлының бұл туындысы соның бір күәсі болмақ.

Алғыс

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан № BR24993035 – «Қазақстандағы дәстүрлі ислам: ғылыми-тәжірибелік негіздері мен дамыту жолдары» атты бағдарламалық-нысаналы ғылыми жоба аясында қаржыланды.

Авторлар үлесі

Мұхитдинов Рашид Сражұлы: концептуализация және деректерді өңдеу, зерттеу процесін жүргізу, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Бердмұрат Бекболат: зерттеу, ресми талдау, нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Махмет Мұратхан: материалды талдауға көмектесу, нәтижелерді тексеру.

Махиудин Дауд Әли: ғылыми материалға кесес беру, әдебиеттерді таңдауға көмектесу.

Әдебиеттер

- Айман Рушди Сүейд (2019). *Шарх манзумати әл-муфид фи әт-тәжвид*. Дәр әл-Ғаусани лид-дирасат әл-Курания.
Әбу Абдилла Мухаммад ибн Йәзид ибн Ибн Мәжә (1990). *Китәбу әс-Сунән*. Дәр ар-Раиян литтурас.
Әбу Мансур әл-Мәтуриди (2010). *Китәбу әт-Таухид*. Дәр Садир.
Әбу Хамид әл-Ғазали (2005). *Ихиә улумиддин*. Дәру әл-баян әл-Араби.
Әбу Хафс Сиражуддин Омар ибн Исхақ әл-Ғазнауи (2009). *Шарху ақидати әл-Имами әт-Тахауи*. Дәрәту әл-Караз.
Әбу Иса Мухаммад әт-Тирмизи (1997). *Әл-Жамиғу әс-сахих*. Дәр әл-фикр.

- Әбу Закария Мухиддин Яхйә ибн Шараф ән-Науауи (2014). *Риядус-салихин*. Дәр ар-рисала әл-аламия. Ахмад ибн Ханбал (1972). *Әл-Муснәд лил-имәм Ахмад ибн Ханбал*. Дәру әл-Мағариф.
- Әкімханов, А. (2025). *Имам Нәуәуидің хадистер жинағы (Риядус салихин)*. Дәуір баспасы.
- Бердібаев, Р., Мағауин, М., Тілеухан, Б., Айталы, А., Қарабаев, С., Егеубаев, А., Дәуітұлы, С., & Смақова, А. (2023). *Он ғасыр жырлайды*. Дәуір баспасы.
- Бердімұрат Б. (2021). *Имам Науауи жинақтаған қырық хадис*. Мұфтият баспасы.
- Болғанбаев, Ә., Қалиев, Б., Бизақов, С., Османова, А., Дәулетқұлов, Ш., Жүрсінова, М. & Нұрғазиева, М. (1999). *Қазақ тілінің сөздігі*. Дайк-Пресс баспасы.
- Ибадуллаев, С. (2023). *Қасиетті Құран/мағыналық аударма*. Дәуір баспасы.
- Ибадуллаев, С. & Оңғаров, Е. (2017). *Дін мен дәстүр (Тал бесіктен жер бесікке дейін)*. Мұфтият баспасы.
- Қанипаш М. (2013). *Шортанбай Қанайұлы шығармалары*. Ана тілі баспасы.
- Луис әл-Мағлуф әл-Иәсуғи (2008). *Әл-Мунжид фи әл-лугати уә әл-ағләм*. Дәр әл-Машрик.
- Муслим ибн Әл-Хажжаж (2011). *Жамигу әс-сахих*. Дәр әл-кутуб әл-илмия DKI.
- Мухаммад Убайдулла әл-Асғәди (2021). *Әл-Мужаз фи усул әл-фиqh*. Әл-Мәктаба әл-Һәшимия.
- Мухитдинов Р.С. & Құрманғазыұлы Ю. (2025). Ақан Серінің «Сабыр түбі сары алтын» өлеңіндегі діннің тілдік бейнесі: теоллингвистикалық талдау. *Адам әлемі*, 3(103), 131-140. <https://doi.org/10.48010/aa.v103i3.704>
- Ораз С. (2018). *Ұлы дала төсіндегі ислам*. Мұфтият баспасы.
- Палтөре, Ы., Жүсіпбеков, Ж., Мухитдинов, Р. & Қыдырбаев, Қ. (2016). *Арабша-қазақша сөздік*. Нұр-Мүбәрак баспасы.

References

- Aiman Rushdi Suweid (2019). *Sharh manzumati al-mufid fi at-tajwid* [Commentary on the Poem “Al-Mufid” in “Tajwid] Dar al-Fausani lid-dirasat әl-Qurania. (in Arabic)
- Abu Abdilla Muhammad ibn Iazid ibn Majah (1990). *Kitabu as-Sunan* [The Book of Sunan]. Mujallad auwal. Dar ar-Raian litturas. (in Arabic)
- Abu Mansur al-Maturidi (2010). *Kitabu at-Tauhid* [The Book of Monotheism]. Dar Sadir. (in Arabic)
- Abu Hamid әл-Gazali (2005). *Ihiya ulumiddin* [The revival of the Religious Sciences]. Daru al-bayan al-Arabi. (in Arabic)
- Abu Hafs Sirajuddin Omar ibn Iskhak al-Gaznawi (2009). *Sharhu aqidati al-Imami at-Tahawi* [Commentary on the Creed of Imam al-Tahawi]. Daratu al-Karaz. (in Arabic)
- Abu Isa Muhammad at-Tirmizi (1997). *Al-Jami as-sahih* [The Authentic Collection]. Dar al-fikr. (in Arabic)
- Abu Zakaria Muhiddin Yahya ibn Sharaf an-Nauawi (2014). *Riadus-salihin* [Gardens of the Righteous]. Dar ar-risala al-alamia. (in Arabic)
- Ahmad ibn Hanbal (1972). *Al-Musnad lil-imam Ahmad ibn Hanbal* [Musnad of Imam Ahmad ibn Hanbal]. Daru al-Maarif. (in Arabic)
- Akimhanov, A. (2025). *Imam Nauauyidin hadister zhinagy (Riadus salihin)* [Imam al-nawawi’s Collection of Hadiths]. Dauir baspasy. (in Kazakh)
- Berdibaev, R., Magauin, M., Tileuhan, B., Aitaly, A., Qarabaev, S., Egeubaev, A., Dauituly, S., & Smaqova, A. (2023). *On gasyr zhyrlaidy* [Poetry of Ten Centuries]. Dauir baspasy. (in Kazakh)
- Berdimurat, B. (2021). *Imam Nauauy zhinaqtagan qyryq hadis* [The Forty Hadiths Compiled by Imam ai-Nawawi]. Muftyat baspasy. (in Kazakh)
- Bolganbaev, A., Qaliev, B., Bizaqov, S., Osmanova, A., Dauletqulov, Sh., Zhursinova, M. & Nurgazieva, M. (1999). *Qazaq tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh Language]. Daik-Press baspasy. (in Kazakh)
- Ibadullaev, S. (2023). *Qasyetti Quran/magynalyq audarma* [The Holy Qur’an: A Semantic Translation]. Dauir baspasy. (in Kazakh)
- Ibadullaev, S. & Ongarov, E. (2017). *Din men dastur (Tal besikten zher besikke deyin)* [Religion and Tradition (From the Cradle to the Grave)]. Muftyat baspasy. (in Kazakh)
- Qanipash, M. (2013). *Shortanbay Qanayuly shygarmalary* [The Works of Shortanbay Qanayuly]. Ana tili baspasy. (in Kazakh)
- Luis al-Maaluf al-Iasugi (2008). *Al-Munjid fi al-lugati ua al-aglam* [Language and Proper Names]. Dar al-Mashriq. (in Arabic)
- Muslim ibn Al-Hajjaj (2011). *Jamigu as-sahih* [The Authentic Collection]. Dar al-kutub al-ilmia DKI. (in Arabic)
- Muhammad Ubaidulla al-Asgadi (2021). *Al-Mujaz fi usul al-fiqh* [A Concise Guide to the Principles of Islamic jurisprudence]. Al-Maktaba al-hashimiya. (in Arabic)
- Muhitdinov, R.S. & Qurmangazyuly, J. (2025). Aqan Serinin «Sabyr tubi sary altyn» olenindegi dinnin tildik beinesi: teolingvistikalыq taldau [The Linguistic Worldview of Religion in Akan Seri’s Poem «Patience is Pure Gold»: Theolinguistic Analysis]. *Adam әлемі*, 3(103), 131-140. <https://doi.org/10.48010/aa.v103i3.704> (in Kazakh)
- Oraz, S. (2018). *Uly dala tosindegi Islam* [Islam of the Great Steppe]. Muftyat baspasy. (in Kazakh)
- Paltore, Y., Zhusipbekov, Zh., Muhitdinov, R. & Qydyrbaev, Q. (2016). *Arabsha-qazaqsha sozdik* [Arabic-Kazakh Dictionary]. Nur-Mubarak baspasy. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет

Мұхитдинов Рашид Сразжұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті исламтану кафедрасының доценті, Алматы, Қазақстан, e-mail mukhitdinov.rashid@gmail.com.

Бердмұрат Бекболат (корреспондент автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті исламтану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail bekbolat.berdmurat@mail.ru.

Махмет Мұратхан – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті ислам ілімдері факультеті дінтану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, e-mail: Murat919@gmail.com.

Махмудин Дауд Әли – философия ғылымдарының докторы, Малайя университеті ислам ілімдері академиясының оқытушысы, университетке дейінгі дайындық факультеті деканының орынбасары, Куала-Лумпур, Малайзия, e-mail muhyi@um.edu.my.

Information about the authors

Mukhitdinov Rashid Srazhuly – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Docent at the Department of Islamic Studies of the Faculty of Islamic Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, e-mail mukhitdinov.rashid@gmail.com.

Berdmurat, Bekbolat (corresponding author) – PhD Student at the Department of Islamic Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan e-mail bekbolat.berdmurat@mail.ru.

Makhmet, Muratkhan – PhD, Senior Lecturer of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, e-mail kerim-1962@mail.ru.

Mahyudin, Daud Ali – Doctor of Philosophical Sciences, Lecturer at the Academy of Islamic Studies, University of Malaya, Deputy Dean for Pre-University Studies, Kuala Lumpur, Malaysia, e-mail muhyi@um.edu.my.

Сведения об авторах

Мухитдинов Рашид Сразжович – кандидат филологических наук, асоциированный профессор, доцент кафедры исламоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail mukhitdinov.rashid@gmail.com.

Бердмурат Бекболат (автор-корреспондент) – PhD докторант кафедры исламоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail bekbolat.berdmurat@mail.ru.

Махмет Мұратхан – PhD, старший преподаватель кафедры религиоведения факультета исламских исследований Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, e-mail: Murat919@gmail.com.

Махмудин Дауд Али – доктор философических наук, преподаватель Академии исламских исследований университета Малайя, заместитель декана по довузовской подготовке, Куала-Лумпур, Малайзия, e-mail muhyi@um.edu.my.

2025 жылы 8 қарашада тіркелді.
2026 жылы 20 маусымда қабылданды.